

Р.С. Мырзабекова

Казакский национальный университет имени аль-Фараби, Казакстан, г. Алматы

«САНДЫҚ ҒАЛАМ 4.0: КІТАПХАНАШЫЛАРДЫҢ ҚЫСҚЫ МЕКТЕБІ»

Кітапхана жазба ескерткіштердің қоғамдық қоймасы ретінде ерте заманда пайда болған. Қазіргі уақытта Казакстанда 11 мыңнан аса кітапхана жұмыс жасайды. ХХІ ғасырда кітапхананың қоғамдық рөлі өзгерген, кітапхана – сандық ақпараттар аясында жұмыс жасайтын мекемеге айналды.

Сандық ғаламдағы кітапхананың өзекті мәселесін талқылау мақсатында 2023 жылдың 23-24 ақпанында Әл-Фараби атындағы Казак Ұлттық университетінің Тарих факультеті және Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының ұйымдастыруымен кітапханашылардың «Сандық ғалам 4.0: кітапхана қауымдастығына арналған жаңа тенденциялар мен міндеттер» атты алғашқы қысқы мектеп ұйымдастырылды.

Қысқы мектептің жұмысына АҚШ-тың Индиана университетінің профессоры, библиограф Акрам Хабибулла, Түркияның Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ОИС) Ислам тарихы, мәдениет және зерттеу орталығының (IRCICA) кітапхана және мұрағат бөлімінің меңгерушісі, доктор Дидар Байыр, Иордания Ұлттық кітапханасының Бас Директоры, педагогика ғылымдарының докторы Нидал Ибрахим Мухаммад әл-Ахмад, Иордания Ұлттық кітапханасының ақпараттандыру және архивтану магистрі Тамадор Мукахал және жақын шет елдердің кітапхана саласында еңбек етіп жүрген ғалымдары мен жетекші мамандары – Өзбекстанның Мұхаммед әл-Хорезми атындағы Ташкент ақпараттық технологиялар университетінің «Кітапханалық ақпараттық жүйелер» кафедрасының меңгерушісі, профессор Б.И.Ганиева, Қ.Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университетінің аға оқытушысы М.Н. Теишова, Қазан Мемлекеттік Мәдениет институтының кітапханалық-ақпараттық қызмет және зияткерлік жүйелер кафедрасының доценті Н.Г. Яшина, РФ-ның Саратов қаласының

IPR MEDIA басым бағыттарын дамыту жөніндегі бас директордың орынбаса-

ры В.В.Кутуева кітапхана саласының өзекті мәселелерімен бөлісті.

Отандық кітапханасаласының ғалымдары мен жетекші мамандары да қысқы мектепте бірқатар мәселелерді көтерді. Әл-Фараби атындағы Казак Ұлттық университеті кітапханасының директоры А.Б. Сикинбаева, әл-Фараби атындағы Казак Ұлттық университетінің доценті Х.Т. Туенбаева, аға оқытушы Б.С. Асанова, Шығыс Казакстан облыстық кітапханасының КММ халықаралық ресурстық орталығы секторының басшысы Б.Ж. Шагиева, А.Пушкин атындағы Шығыс Казакстан облыстық кітапханасының өлкетану секторының басшысы М.Жайлыбаева, Оңтүстік мемлекеттік университетінің доценті М.К. Кукеева және ҚР Ұлттық кітапханасы, Алматы қаласының орталық кітапханалар жүйесі, Тәттімбет атындағы Қарағанды колледжінің өкілдері қатысты. Жалпы, қысқы мектепке жүзден аса қатысушылар тіркелді.

Бұл қысқы мектеп ғылым мен тәжірибенің түйісінде өтті. Кітапхана саласының теориясы мен тәжірибелік тұстарының заманауи мәселелері бойынша пікір алмасулар орын алды.

Кітапхана саласындағы заманауи ақпараттық ресурстар, кітапханадағы коллекциялар және жаңа трендтер, кітапхананың тарихи мәдениетті сақтаудағы рөлі, кітапхана қызметін пайдаланушыларды қанағаттандыру көрсеткіштері, кітапханалық-ақпараттық салада кадрларды дайындау ерекшелігі, кітапханалардың өлкетану ресурстары, кітапханашылардың медиа сауаттылығы, электронды ортадағы кітапхананың құзіреті, Казакстан Республикасында кітапхана ісін дамыту – тақырыптары қысқы мектепке қатысушылардың қызығушылығын тудырды.

Қысқы мектеп қатысушыларына сертификат беру және баяндамалардың электронды жинағын шығару көзделіп отыр. Болашақта қысқы мектеп өзінің жалғасын тауып, теория мен практиканың ұштасуы жалғаса береді деп сенеміз.